

FTAMP 06.81.65

DOI: <https://doi.org/10.55871/2072-9847-2025-66-1-43-51>**Жиенбаев Ұ. Б. \***

1 курс докторанты  
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті  
Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы  
e-mail: [ulan-adil@mail.ru](mailto:ulan-adil@mail.ru)  
<https://orcid.org/0000-0003-4004-5345>

**Байтуова Л. Т.**

доктор PhD  
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті  
Астана, Қазақстан  
e-mail: [1701.86@mail.ru](mailto:1701.86@mail.ru)  
<https://orcid.org/0000-0002-4617-5696>

**Сайымова М. Д.**

PhD, қауымдастырылған профессор  
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті  
Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы  
e-mail: [77mika-07@mail.ru](mailto:77mika-07@mail.ru)  
<https://orcid.org/0000-0003-4089-1744>

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӘСІПКЕРЛІК ОЙЛАУДЫ ДАМУҒА ӘСЕР ЕТЕТІН ЖӘНЕ ТАБИҒИ АПАТТАРДЫҢ САЛДАРЫНАН КЕДЕРГІ КЕЛТІРЕТІН ФАКТОРЛАРДЫ ТАЛДАУ

**Аңдатпа.** Бұл зерттеудің мақсаты – Қазақстан жастары арасында кәсіпкерлік ойлауды дамытуға әсер ететін факторларды кешенді талдау, әсіресе Атырау облысының Құлсары қаласында су тасқыны салдарынан туындаған шектеулерді анықтау. Табиғи апаттардың, атап айтқанда, су тасқынының жастардың кәсіпкерлік бастамаларына тигізетін ықпалы зерттеліп, олардың теріс әсерін азайту мен экономикалық қалпына келтіру жолдары қарастырылады. Кәсіпкерлік ойлау қабілеті жастардың еңбек нарығындағы құндылығын арттыратын маңызды фактор ретінде қарастырылады. Өйткені ол креативтілік, тәуекелдерді басқару және проблемаларды шешу дағдыларын қалыптастырады.

Зерттеу барысында кәсіпкерліктің сыртқы және ішкі ортасының факторлары талданып, олардың кәсіпкерлік әрекеттерге және ойлау тәсілдеріне ықпалы негізделеді. Сонымен қатар, кәсіпкерліктің эволюциясы мен оның даму бағыттары анықталады. Зерттеу әдістері ретінде сауалнама жүргізіліп, статистикалық есептеу тәсілдері қолданылды. Құлсары қаласындағы су тасқынынан кейінгі жағдайлар мен олардың жастардың кәсіпкерлік әлеуетіне әсері туралы деректер сапалы және сандық талдау әдістерімен зерттеледі.

Нәтижесінде, кәсіпкерлік ойлауды қалыптастырудың негізгі аспектілері бөлініп көрсетіліп, жастар арасында кәсіпкерлікті насихаттаудың осал тұстары анықталды. Сондай-ақ, табиғи апаттардың салдарын еңсеру тәжірибесінде басқа өңірлер мен елдердің салыстырмалы талдауы ұсынылады. Бұл зерттеу Қазақстан Республикасындағы жастардың кәсіпкерлік әлеуетін арттыруға бағытталған шараларды жетілдіруге ғылыми негіз бола алады.

**Түйін сөздер:** кәсіпкерлік ойлау, жастар, табиғи апаттар салдары, кәсіпкерлікке әсер етуші факторлар, моноқала, кәсіпкерлік әлеует.

### КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбында мақаланың өзектілігі қарастырылған. Қазіргі таңда әлемдегі және өңірлік деңгейдегі әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды бағыттарының бірі – жастардың кәсіпкерлік ойлау қабілетін дамыту. Әсіресе, табиғи апаттар мен төтенше жағдайлар орын алған өңірлерде бұл мәселенің өзектілігі арта түседі. Қазақстан моноқалаларының бірі, өндірісті аумақ Құлсары қаласында орын алған су тасқыны жергілікті тұрғындардың күнкөрісіне ғана емес, жастардың кәсіпкерлік бастамаларына да айтарлықтай шектеулер туғызды. Осыған байланысты табиғи апаттардың жастардың кәсіпкерлік қызметіне қалай әсер ететіні, сондай-ақ олардың теріс салдарын азайту және экономикалық қалпына келтірудің тиімді жолдарын анықтау қажеттілігі туындайды.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы кәсіпкерлік ойлаудың қалыптасуына әсер ететін факторларды анықтау арқылы жастардың дағдарыс жағдайында икемділігін арттыру және олардың экономикалық белсенділігін қолдау мүмкіндіктерін ашуға негізделеді. Сонымен қатар, табиғи апаттардың салдарын жеңу барысында қолданылған халықаралық және аймақтық тәжірибелерді талдау арқылы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясына үлес қосу көзделеді.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстан жастары арасында кәсіпкерлік ойлауды дамытуға ықпал ететін факторларды кешенді талдау, соның ішінде Құлсары қаласында су тасқыны нәтижесінде туындаған шектеулерді анықтау және олардың кәсіпкерлік бастамаларға тигізетін әсерін бағалау. Зерттеу барысында табиғи апаттардың жастардың кәсіпкерлік белсенділігіне әсерін азайтуға бағытталған шаралар қарастырылады.

Зерттеу дереккөздері ретінде кәсіпкерлік ойлау мен табиғи апаттардың әсеріне қатысты әдебиеттерді талдау, сондай-ақ Құлсары қаласындағы су тасқынынан кейінгі жағдайлар туралы статистикалық және сапалы мәліметтер қолданылды. SWOT-талдау әдісі арқылы басқа өңірлер мен елдердің тәжірибесі қарастырылады. Сонымен қатар, сандық және сапалық деректерді талдау арқылы табиғи апаттардың салдарын еңсерудің тиімді тәсілдері ұсынылатын болады.

### ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ

Қазіргі таңда Қазақстанда кәсіпкерлік ойлауды дамыту экономиканың тұрақты өсуі мен халықтың әл-ауқатын арттырудың маңызды бағыты. Алайда бұл үдерісте инфрақұрылымдық шектеулер, қаржылық қолжетімділіктің тапшылығы және табиғи апаттардан туындаған қиындықтар айтарлықтай кедергілер тудырады. Осы әдеби шолу осы мәселелерді ғылыми мақалаларға сүйене отырып талдауды мақсат етеді. Инфрақұрылымның жеткіліксіздігі кәсіпкерлік қызметтің дамуына айтарлықтай әсер етеді. Кунязов, Кадырова, Кунязова және Имангалиева (2022) [1] зерттеуінде коммуналдық қызметтер, көлік желілері мен байланыс инфрақұрылымының әлсіздігі кәсіпкерлік белсенділікті төмендететіні атап өтілген. Бұл әсіресе шалғай аудандардағы кәсіпкерлер үшін өзекті мәселе. Сапасыз жолдар мен электр қуатының тұрақсыздығы бизнес шығындарын арттырып, оның бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді. Инфрақұрылымдық қолдаудың жетіспеуі шағын және орта бизнестің бәсекеге қабілеттілігін төмендетіп, олардың нарықтағы орнығуына кедергі жасайтынын атап өткен. Қаржылық ресурстарға қолжетімділіктің шектеулілігі де кәсіпкерлік бастамаларды тежеуші факторлардың бірі болып отыр. Қазақстанда кәсіпкерлік ойлаудың дамуына әртүрлі факторлар әсер етеді, олардың ішінде табиғи апаттардың ықпалы ерекше орын алады. Мұндай апаттар экономикалық қызметті тоқтатып, кәсіпкерлік бастамаларға кедергі келтіруі мүмкін, алайда олар тұрақтылық пен инновацияға жаңа мүмкіндіктер де аша алады. Осы үдерістерді түсіну Қазақстанда берік және икемді кәсіпкерлік экожүйесін қалыптастыру үшін маңызды. Табиғи апаттардың кәсіпкерлікке әсері алдымен, адам шығыны мен материалдық залалдың арақатынасы: зерттеулер көрсеткендей, адам өмірінің жоғалуы кәсіпкерлікке материалдық залалға қарағанда көбірек әсер етеді. Өйткені ол психологиялық және әлеуметтік салдарға әкеледі [2]. Адам шығынына байланысты қоғамдағы психологиялық күйзеліс пен еңбек ресурстарының азаюы өңірлік кәсіпкерліктің дамуын баяулатады. Екіншіден, өңірлік ерекшеліктер: табиғи апаттарға жауап қайтару әр өңірде әртүрлі болады. Кейбір өңірлерде берік әлеуметтік байланыстар мен әлеуметтік капиталдың арқасында жаңа кәсіпорындарға теріс әсерді жеңілдетіп, тұрақтылық танытады [3]. Қоғамдастықтардың өзара ынтымақтастығы мен өзара қолдау көрсетуі апат салдарын жеңіп, кәсіпкерліктің қайта дамуына мүмкіндік береді.

Қаржылық шектеулер мен мүмкіндіктер. 1) Отбасы жинақтарының әсері: Табиғи апаттардан кейінгі кәсіпкерлікке отбасының жинақтары да әсер етеді. Жинақ деңгейінің жоғары болуы тәуекелден қашу салдарынан кәсіпкерлікті шектесе, ал жинақтың аз болуы жаңа бастамаларға тәуекелге баруға итермелеуі мүмкін [4]. Қаржылық тұрақсыздық

кәсіпкерлерді балама табыс көздерін іздеуге мәжбүрлейді, бұл өз кезегінде инновацияларға жол ашады. 2) Мүмкіндігі шектеулі кәсіпкерлерді қолдау: Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған саясат бар болғанымен, ресурстарға қолжетімділіктің шектеулі болуы олардың кәсіпкерлік әлеуетін толық жүзеге асыруға кедергі келтіреді [5]. Бұл топтың экономикалық белсенділігін арттыру үшін қаржылық және инфрақұрылымдық қолдау шараларын кеңейту қажет.

Тиімсіз және сыбайлас жемқорлыққа бейім үкіметі бар елдерде саяси араласу көбінесе саясатты жүзеге асыруды кешіктіреді. Сонымен қатар, бұл елдерде ұжымдық әрекетке қажетті инфрақұрылымның болмауы салдарынан әртүрлі құрылымдар арасындағы коммуникация жиі қиындық тудырады (Dixit, 2009). Boudreaux және т.б. [6] зерттеуінде институттардың сапасы шетелдік көмектің әсерін реттейтінін анықтаған.

### **МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР**

Осы зерттеуде сапалы және сандық талдау әдістерін біріктіретін аралас тәсіл қолданылады.

Сандық талдау. Статистикалық деректерді өңдеу пайдаланылады. Оны 100 респондентке өткізген сауалнама нәтижесінің сандық сипаттағы статистикалық моделдеу арқылы Құлсары қаласында су тасқынына дейін және кейін құрылып, жабылған кәсіпорындар саны, жастар кәсіпкерлерінің тартқан инвестициясы мен несиелері, сондай-ақ жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі туралы ақпараттарды қарастырады.

Салыстырмалы талдау. Қазақстан мен басқа елдердегі кәсіпкерлікті қолдау мемлекеттік бағдарламаларының тиімділігін бағалау және бизнес дамуының элементтеріндегі апат салдарын жеңу тәжірибесін зерттеу мақсатында жүргізіледі.

Қосымша ақпарат көзі. Құлсары қаласындағы жас кәсіпкерлер арасында жүргізілген сауалнамалар олардың мәселелері мен қажеттіліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

### **НӘТИЖЕЛЕР МЕН ТАЛҚЫЛАУ**

2024 жылы шекаралас территориялардың суға кетуі ірі экономикалық зардаптарға әкеліп соқтырды. Нақтырақ айтсақ, Ресей мен Қазақстан кейінгі 70 жылдағы ең күшті су тасқынынан зардап шекті. Бұл табиғи апат қардың еруі мен бөгеттердің жарылуы салдарынан орын алды. Жергілікті уақыт бойынша 9 сәуірдегі мәліметке сәйкес, екі елде де 100 000-нан астам адамды эвакуациялау туралы бұйрық берілді. Атап айтқанда, Ресейдің Орынбор, Түмен және Қорған облыстарында, сондай-ақ Қазақстанның 10 өңірінде төтенше жағдай режимі енгізілді.

Reuters агенттігінің мәліметінше, бұл су тасқыны зардап шеккен аймақтардағы кейінгі 70 жылдағы ең ауқымды табиғи апат. Су тасқыны Орал таулары, Сібір және Қазақстанның Жайық пен Тобыл өзендерінің маңындағы көптеген өңірін қамтыды. Арнайы ақпараттардың мәлімдеуінше, жергілікті билік өкілдері өзендегі су деңгейінің небәрі бірнеше сағат ішінде тарихи ең жоғары деңгейге дейін көтерілгенін хабарлады [7].

Біздің зерттеуімізде жастардың кәсіпкерлік ойлауының дамуына «Табиғи апаттар кедергі әкеле ме?» деген басты сұрағымыз балған. Бұл сұрақтың аясында моноқала жастарына сауалнама жүргізіп ол сауалнаманың нәтижесін келесідей зерттеу сұрағында қарастырамыз. Ал қазір Құлсарының жалпы қалыптасуына әсер ететін факторларға тоқталған жөн. Құлсары қаласы – Атырау облысындағы ірі өнеркәсіптік және экономикалық орталықтардың бірі. Кейінгі 8 айда қала су тасқыны мен экологиялық мәселелерге байланысты қиындықтарға тап болды. Бұл жайт жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігі мен кәсіпкерлік қызметке айтарлықтай әсер етті. Төменде Құлсарының демографиясы, экономикасы, табиғи апаттардың салдары және әлеуметтік қызметтері туралы мәліметтер қарастырылады.

2023 жылдың басында Құлсары қаласының халқы 65 964 адамды құрады. Ерлер саны – 28 792 адам (47,6%), әйелдер саны – 31 695 адам (52,4%) [8]. Бұл көрсеткіштер қаланың еңбек

нарығында әйелдердің үлесі жоғары екенін көрсетеді, олардың әлеуметтік және экономикалық белсенділігін дамытудың маңыздылығын айқындайды.

Құлсары – мұнай өндіру өнеркәсібі дамыған моноқала. Мұнда ірі кәсіпорындар, соның ішінде «Теңізмұнайгаз» АҚ және «Құлсары мұнайгаз бақармасы» АҚ жұмыс істейді. Бұл кәсіпорындар өңірдің негізгі табыс көздерін қамтамасыз етіп, жергілікті экономиканың қозғаушы күші болып отыр.

Қалада теміржол инфрақұрылымы жақсы дамыған. Мақат – Бейнеу бағытындағы теміржол желісі жүк тасымалы мен логистика саласының маңызды бөлігін құрайды. Бұл фактор Құлсарының өңірлік және халықаралық сауда байланыстарында маңызды рөл атқаратынын көрсетеді.

2024 жылы орын алған су тасқыны қалаға айтарлықтай шығын келтірді. Жалпы су басқан үйлер саны – 2 680 [9].

Су тасқыны шағын және орта бизнестің жұмысын уақытша тоқтатуға мәжбүрледі, бұл жергілікті экономиканың тұрақсыздануына әкелді. Төтенше жағдайлардың осындай салдары кәсіпкерлердің шығындарын арттырып, олардың қайта қалыпқа келуін қиындатты. Құлсары қаласында экологиялық жағдай күрделі. Бұл, ең алдымен, мұнай өндіру өнеркәсібімен байланысты. Былтыр қаладан 47 мың тонна тұрмыстық және өндірістік қалдықтар шығарылды [10].

Экологиялық жағдайдың нашарлауы кәсіпкерлер үшін қосымша шығындар әкеледі, себебі олар өндіріс барысында экологиялық стандарттарды сақтау және қалдықтарды өңдеу үшін қосымша ресурстар жұмсауы қажет.

Қалада жұмыссыздық мәселесін шешу үшін Жылыой ауданының Карьерлік орталығының филиалы ашылған. Бұл орталық жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтуға жәрдемдеседі және жастарға арналған кәсіби бағдарлау бағдарламаларын ұсынады.

Су тасқынынан кейінгі экономиканы қалпына келтіру жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал еткенімен, жастар арасындағы нақты жұмыссыздық деңгейі туралы деректер жоқ. Дегенмен, мемлекеттік қолдау бағдарламалары жұмыссыздықты азайтуға бағытталған. Бұл шаралар жастардың еңбек нарығына бейімделуіне көмектеседі.

Талқылаулар. Келесі сұрағымыз: «Жастар арасындағы кәсіпкерліктің қалыптасуына әсер ететін қандай факторлар мен кедергілер бар?», «Жастар арасындағы кәсіпкерліктің қалыптасуына әсер ететін кедергілердің өзара байланысын регрессиялық талдау арқылы тексеру». Бұл сұрақтар сауалнаманың негізінде зерттеу жүргізілді. Сауалнама 18-35 жас аралығындағы Құлсары қаласының жастары арасында жүргізілді. Оған 100 респондент қатысты. Сауалнама 9 сұрақтан тұрды.

### 1-кесте – Сауалнама мазмұны

№	Сауалнама сұрақтарының мазмұны
1	Су тасқынының кәсіпкерлік белсенділікке әсерін сезіндіңіз бе? (1-10)
2	Су тасқыны кезіндегі жастардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсету қажеттілігін сезінесіз бе? (1-10)
3	Су тасқыны жағдайында кәсіпкерлік белсенділік артады деп ойлайсыз ба? (1-10)
4	Сіз су тасқынының экономикалық әсері туралы ақпарат алдыңыз ба? (1-10)
5	Су тасқынының болашақ кәсіпкерлік бастамаларға әсерін қалай бағалайсыз? (1-10)
6	Сіздің қалаңызда су тасқынына қарсы алдын алу шаралары тиімді жүзеге асырыла ма? (1-10)
7	Су тасқынынан соң кәсіпкерлердің жұмыс орнын қорғау үшін қандай шаралар қабылданғаны туралы білесіз бе? (1-білмеймін, 2- мемлекет қолдады)
8	Жастарға кәсіпкерлік дағдыларын дамытуға көрсетілетін көмекті қалай бағалайсыз? (1-10)
9	Кәсіпкерлер мен жастарға су тасқыны кезіндегі қаржылай көмек көрсету шаралары жеткілікті ме? (1-10)

Ескерту: авторлармен құрастырылған

Су тасқыны кезіндегі қаржылық қолдаудың кәсіпкерлік белсенділікке әсерін регрессиялық талдау.

Айнымалылардың сипаттамасы: Тәуелді айнымалы (Y): Кәсіпкерлердің су тасқыны кезінде кәсіпкерлік белсенділіктің артуын бағалауы (1-ден 10-ға дейінгі шкала). Тәуелсіз айнымалы (X): Су тасқыны кезінде кәсіпкерлер мен жастарға көрсетілетін қаржылай көмектің жеткіліктілігін бағалау (1-ден 10-ға дейінгі шкала).

Негізгі регрессиялық талдау нәтижелері: Регрессиялық статистика: Көптік R: 0,12028 – кәсіпкерлік белсенділік пен қаржылық қолдау бағалауы арасында әлсіз оң байланыс бар. R-квадрат: 0,01447 – кәсіпкерлік белсенділіктің өзгеруінің тек 1,45%-ы қаржылай қолдау арқылы түсіндіріледі, бұл фактордың әлсіз әсерін көрсетеді. Түзетілген R-квадрат: 0,00441 – бұл да модельдің маңызды еместігін көрсетеді. Стандарттық қате: 0,96271 – қателіктің салыстырмалы түрде жоғары болуы деректердің үлкен дисперсиясын білдіреді. Бақылаулар саны: 100 – талдау үшін жеткілікті деректер көлемі.

Дисперсиялық талдау (ANOVA): F-статистика: 1,43861 – бұл көрсеткіш сындық мәннен төмен, бұл модельдің жалпы алғанда маңызды емес екенін көрсетеді. F мәнінің маңыздылығы: 0,23326 – мәні 0,05-тен жоғары, сондықтан регрессияның маңыздылығы гипотезасы қабылданбайды.

**2-кесте – Регрессия коэффициенттері**

Параметр	Коэффициент	Стандарттық қате	t-статистика	P-мәні	Төменгі 95%	Жоғарғы 95%
Тұрақты мән (Y-тоғысуы)	5,52377	0,18983	29,09908	5,10E-50	5,14707	5,90048
X (Қаржылық қолдау)	0,04380	0,03652	1,19942	0,23326	-0,02867	0,11627

*Ескерту: авторлармен құрастырылған*

Тұрақты мән (Y-тоғысуы): 5,52 – қаржылық қолдаудың әсері болмаған жағдайда кәсіпкерлердің белсенділігі орташа есеппен 5,52 балды құрайды. X коэффициенті: 0,0438 – қаржылық қолдау бағасы 1 балға артқанда кәсіпкерлік белсенділік орташа есеппен 0,0438 балға артады. Дегенмен, бұл коэффициент статистикалық тұрғыдан маңызды емес, себебі р-мәні (0,23326) 0,05-тен жоғары.

Нәтижелерді түсіндіру: Регрессиялық талдау нәтижелері кәсіпкерлік белсенділік пен қаржылық қолдау бағасы арасында әлсіз оң байланыс бар екенін көрсетті. Алайда, алынған коэффициенттер статистикалық тұрғыдан маңызды емес ( $p > 0,05$ ), бұл қаржылық қолдаудың кәсіпкерлік белсенділікке тікелей әсер етпейтінін білдіреді.

R-квадрат мәнінің төмендігі (1,45%) кәсіпкерлік белсенділіктің өзгеруі негізінен басқа факторлармен байланысты екенін көрсетеді. Мүмкін, кәсіпкерлердің психологиялық дайындығы, табиғи апаттың салдарынан келтірілген залал және жергілікті билік органдарының әрекеттері бұл көрсеткішке көбірек әсер етеді.

Құлсары қаласында су тасқыны салдарынан кәсіпкерлікті дамыту үшін қаржылай қолдау, инфрақұрылымды қалпына келтіру, психологиялық көмек көрсету және мемлекеттік реттеу шараларын үйлестіру қажет. Мемлекеттік органдар, білім беру мекемелері және басқа да мүдделі тараптар осы мақсаттарға жету үшін бірлесе жұмыс істеуі керек. Бұл шаралар өңірдегі кәсіпкерлік белсенділікті қалпына келтіріп қана қоймай, оның одан әрі тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

Алдағы зерттеуіміздің жалғасы болу үшін қандай шараларды стратегиялық басым бағытқа шығару керектігін 3-кестедегі SWOT-талдау бойынша анықтайтын боламыз.

3-кесте – SWOT-талдау: Құлсары қаласындағы кәсіпкерлікті дамыту мүмкіндіктері мен кедергілері

1. Күшті жақтары (Strengths)	2. Әлсіз жақтары (Weaknesses)
<p>Мұнай өндіру өнеркәсібі: Қалада ірі мұнай өндіруші кәсіпорындар жұмыс істейді («Теңізмұнайгаз» АҚ, «Құлсары мұнай басқармасы» АҚ), бұл өңірдің экономикалық әлеуетін арттырады.</p> <p>Логистикалық инфрақұрылым: Мақат – Бейнеу теміржол желісінің болуы тауарлар мен қызметтерді тасымалдауды жеңілдетеді.</p> <p>Мемлекеттік қолдау: Су тасқынынан зардап шеккен кәсіпкерлерге қаржылай көмек және инфрақұрылымды қалпына келтіру бойынша мемлекеттік бағдарламалар әзірленуде.</p> <p>Жастарды оқыту: Жылыой ауданының Карьерлік орталығы жұмыссыздықты азайту және кәсіпкерлік дағдыларды дамыту мақсатында қызмет көрсетеді.</p>	<p>Инфрақұрылымдық шектеулер: Су тасқыны салдарынан жолдар, байланыс желілері және электрмен жабдықтау жүйелері зақымданған.</p> <p>Қаржылық қиындықтар: Шағын және орта бизнеске қаржылық ресурстарға қол жеткізу қиын, ал қолдау шараларының көлемі жеткіліксіз.</p> <p>Психологиялық кедергілер: Төтенше жағдайлар кәсіпкерлердің тәуекелге бару қабілетін төмендетіп, психологиялық қысымды арттырады.</p> <p>Жұмыссыздық деңгейі: Жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесі әлі де өзекті, ал жаңа жұмыс орындарын құру баяу жүруде.</p> <p>Экологиялық проблемалар: Мұнай өндіру саласының қоршаған ортаға теріс әсері жергілікті халықтың денсаулығы мен өмір сүру сапасына зиянын тигізеді.</p>
3. Мүмкіндіктер (Opportunities)	4. Қауіптер (Threats)
<p>Қаржылай қолдау бағдарламалары: Мемлекеттік субсидия, жеңілдетілген несиелер және салықтық жеңілдіктер кәсіпкерлік белсенділікті ынталандырады.</p> <p>Инфрақұрылымды жетілдіру: Жолдарды, байланыс желілерін және электрмен жабдықтау жүйелерін қалпына келтіру кәсіпорындардың тиімді жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.</p> <p>Инвестиция тарту: Құлсары қаласына инвестиция тарту арқылы өңірдегі экономикалық белсенділікті арттыруға болады.</p> <p>Логистика мен тасымалдау: Тасымалдау және логистика жүйелерін дамыту тауарлар мен қызметтерді жеткізуді жеделдетеді.</p> <p>Жастарды кәсіпкерлікке тарту: Кәсіпкерлік оқыту бағдарламалары мен психологиялық қолдау жастарды бизнесті бастауға ынталандырады.</p> <p>Инновациялар мен цифрландыру: Цифрлық технологияларды енгізу кәсіпкерлердің шығындарын азайтып, тиімділігін арттырады.</p>	<p>Табиғи апаттар: Болашақтағы су тасқыны және басқа да табиғи апаттар кәсіпкерлік қызметті қайтадан тоқтатуы мүмкін.</p> <p>Қаржылық тұрақсыздық: Қаржылық ресурстардың тапшылығы шағын бизнес пен стартаптардың дамуын шектейді.</p> <p>Инфрақұрылымды қалпына келтірудің баяулығы: Жолдар мен электрмен жабдықтау жүйелерін қалпына келтірудің ұзаққа созылуы кәсіпкерлік белсенділікті тежейді.</p> <p>Әкімшілік кедергілер: Мемлекеттік қолдау рәсімдерінің күрделілігі мен ашықтықтың болмауы кәсіпкерлердің мүмкіндіктерін шектейді.</p> <p>Экологиялық қауіптер: Мұнай өндіру саласының экологиялық әсері өңірдің тұрақты дамуына кедергі келтіруі мүмкін.</p>

*Ескерту: авторлармен құрастырылған*

SWOT-талдау нәтижелері көрсеткендей, Құлсары қаласында кәсіпкерлікті дамыту үшін бірқатар мүмкіндіктер бар. Атап айтқанда, мемлекеттік қаржылық қолдау, инфрақұрылымды қалпына келтіру және жастарды оқыту бағдарламалары өңірдің экономикалық өсуіне ықпал ете алады. Дегенмен, табиғи апаттардан туындаған инфрақұрылымдық шектеулер, қаржылық қиындықтар және экологиялық проблемалар өңірдің дамуына кедергі келтіруі мүмкін.

**ҚОРЫТЫНДЫ**

Жүргізілген зерттеу нәтижелері Құлсары қаласында су тасқыны салдарынан кәсіпкерлікті дамытуға әсер ететін негізгі факторларды айқындауға мүмкіндік берді. Алынған эмпирикалық деректер мен SWOT-талдау нәтижелері табиғи апаттардың кәсіпкерлік белсенділікке елеулі кедергілер келтіретінін көрсетті. Алайда, мемлекеттік қолдау шаралары, инфрақұрылымды қалпына келтіру және жастарды кәсіпкерлікке тарту бағытындағы оқыту бағдарламалары бұл қиындықтарды еңсерудің тиімді тетіктері. Келесідей қорытындыға келдік:

1. Су тасқынынан зардап шеккен кәсіпкерлер үшін арнайы несие және субсидия бағдарламаларын енгізу.

2. Инфрақұрылымды қалпына келтіру бойынша басында кәсіпкерлерге болатын қолайсыздықтар ретінде айтып кеткен болатынбыз. Жолдарды, байланыс желілерін және электрмен жабдықтау жүйелерін жөндеу жұмыстарын жеделдету.

3. Жастарды психологиялық тренингтер мен кәсіпкерлік дағдыларды дамытуға баулитын бағдарламаларды кеңейтуді қолдау.

4. Қаржылай көмек көрсету рәсімдерін жеңілдету және олардың ашықтығын қамтамасыз етуде мемлекеттік басқару тетіктерін жетілдіру.

Осы шараларды жүзеге асыру арқылы Құлсары қаласы табиғи апаттардан кейін кәсіпкерлікті қалпына келтіріп қана қоймай, оны одан әрі дамытуға мүмкіндік алады.

Сонымен бір моноқаланың негізінде Қазақстанның барлық өңіріндегі моноқалаларға осындай методикалық зерттеулер арқылы алдағы төтенше жағдайлардан алдына ала отырып жастардың кәсіпкерлігіне креативті дағдыларды қалыптастыру методикасын енгізудің механизімін жасақтауға болады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кунязов Е. К., Кадырова А. С., Кунязова С. К., Иманғалиева И. Т. Региональные особенности инфраструктурной поддержки предпринимательской деятельности Казахстана // Вестник Казахского университета экономики, финансов и международной торговли. – 2022. – № 2. – С. 149-155. DOI: 10.52260/2304-7216.2023.2(51).37

2. Demirdağ, E., & Nirwansyah, I. (2023). Impact of Natural Disasters on Regional Entrepreneurship: Human Loss vs. Material Damage // Journal of Entrepreneurship and Regional Development. – [Электрондық сілтеме] URL: <https://doi.org/10.21203/rs.3.rs-3591711/v1>

3. Linnenluecke, M. K., & McKnight, B. (2017). Community resilience to natural disasters: the role of disaster entrepreneurship // Journal of Enterprising Communities: People and Places in the Global Economy. – Vol. 11 No. 1. – pp. 166-185. – [Электрондық сілтеме] URL: <https://doi.org/10.1108/JEC-01-2015-0005>

4. Zhang, J., van Hugten, J., & Stam, W. Save for a rainy day? How regional household savings constrain entrepreneurship after a natural disaster // Small Business Economics. – 2024. – [Электрондық сілтеме] URL: <https://doi.org/10.1007/s11187-024-00973-5>

5. The Hidden Entrepreneurs: Disability and Entrepreneurship in Kazakhstan // Kazakhstan Journal of Economic Studies. – 2022. – Vol. 9(4). – pp. 112-125.

6. Boudreaux, C. J., & Nikolaev, B. (2021). Capital is Not Enough: Opportunity Entrepreneurship and Formal Institutions // Small Business Economics. – 2021. – Vol. 56. – pp. 461-488. – [Электрондық сілтеме] URL: <https://home.fau.edu/cboudreaux/web/Online%20Version%20of%20Manuscript%20SBEJ.pdf>

7. Сабирова, Дингазиева, Тажиденова және Ерниязова (2023). Кәсіпкерлік білім берудің жастардың бәсекеге қабілеттілігіне әсері // Вестник Казахского университета экономики, финансов и международной торговли. – 2023. – № 3(52). – DOI: 10.52260/2304-7216.2023.3(52).12

8. Кульсары // Уикипедия. – [Электрондық сілтеме] URL: <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9A%D1%83%D0%BB%D1%8C%D1%81%D0%B0%D1%80%D1%8B>

9. Кәсіпкерлік нысандар мен инфрақұрылымға да айтарлықтай залал келтірілді // ATPress. – 2024. – 08 сәуір. – [Электрондық сілтеме] URL: <https://atpress.kz/ru/news/ekologiya/skolko-domov-podtopleno-v-kulsary-soobshchili-v-mchs-rk>

10. Мұнай өндірісінен шыққан зиянды қалдықтар ауа сапасының төмендеуіне және жергілікті тұрғындардың денсаулығына теріс әсер етеді // Прикаспийская коммуна. – 2025. – 30 қаңтар. – [Электрондық сілтеме] URL: <https://pricom.kz/obshhestvo/v-proshlom-godu-s-ulicz-g-kulsary-bylo-vyvezeno-47-tysyach-tonn-musora.html>

### REFERENCES

1. Kuniyazov, E. K., Kadyrova, A. S., Kuniyazova, S. K., & Imangaliyeva, I. T. (2022). Regional features of infrastructure support for entrepreneurial activities in Kazakhstan // Bulletin of the Kazakh University of Economics, Finance, and International Trade. – No. 2. – pp. 149-155. DOI: 10.52260/2304-7216.2023.2(51).37

2. Demirdag, E., & Nirwansyah, I. (2023). Impact of Natural Disasters on Regional Entrepreneurship: Human Loss vs. Material Damage // Journal of Entrepreneurship and Regional Development. – [Electronic source] URL: <https://doi.org/10.21203/rs.3.rs-3591711/v1>

3. Linnenluecke, M. K., & McKnight, B. (2017). Community resilience to natural disasters: the role of disaster entrepreneurship // *Journal of Enterprising Communities: People and Places in the Global Economy*. – Vol. 11 No. 1. – pp. 166-185. – [Electronic source] URL: <https://doi.org/10.1108/JEC-01-2015-0005>
4. Zhang, J., van Hugten, J., & Stam, W. (2024). Save for a rainy day? How regional household savings constrain entrepreneurship after a natural disaster // *Small Business Economics*. – [Electronic source] URL: <https://doi.org/10.1007/s11187-024-00973-5>
5. The Hidden Entrepreneurs: Disability and Entrepreneurship in Kazakhstan // *Kazakhstan Journal of Economic Studies*. – 2022. – Vol. 9(4). – pp. 112-125.
6. Boudreaux, C. J., & Nikolaev, B. (2021). Capital is Not Enough: Opportunity Entrepreneurship and Formal Institutions // *Small Business Economics*. – 2021. – Vol. 56. – pp. 461-488. – [Electronic source] URL: <https://home.fau.edu/cboudreaux/web/Online%20Version%20of%20Manuscript%20SBEJ.pdf>
7. Sabirova, Dingaziyeva, Tazhidenova, & Erniyazova (2023). The impact of entrepreneurial education on the competitiveness of young people // *Bulletin of the Kazakh University of Economics, Finance, and International Trade*. – 2023. – No. 3(52). – DOI: 10.52260/2304-7216.2023.3(52).12
8. Kulsary // Wikipedia. – [Electronic source] URL: <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9A%D1%83%D0%BB%D1%8C%D1%81%D0%B0%D1%80%D1%8B>
9. Significant damage was caused to business facilities and infrastructure // *ATPress*. – 2024. – April 8. – [Electronic source] URL: <https://atpress.kz/ru/news/ekologiya/skolko-domov-podtopleno-v-kulsary-soobshchili-v-mchs-rk>
10. Harmful emissions from oil production negatively affect air quality and the health of local residents // *Prikaspijskaya kommuna*. – 2025. – January 30. – [Electronic source] URL: <https://pricom.kz/obshhestvo/v-proshlom-godu-s-ulicz-g-kulsary-bylo-vyvezeno-47-tysyach-tonn-musora.html>

## АНАЛИЗ ФАКТОРОВ, СВЯЗАННЫХ СО СТИХИЙНЫМИ БЕДСТВИЯМИ, И ИХ ВЛИЯНИЕ НА РАЗВИТИЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОГО МЫШЛЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ

**Жиенбаев У. Б. \***

докторант 1-го курса  
Актюбинский региональный университет  
им. К. Жубанова, Актобе, Казахстан  
e-mail: [ulan-adil@mail.ru](mailto:ulan-adil@mail.ru)  
<https://orcid.org/0000-0003-4004-5345>.

**Байтуова Л. Т.**

доктор PhD  
Казахский агротехнический исследовательский  
университет им. С. Сейфуллина  
Астана, Казахстан  
e-mail: [1701.86@mail.ru](mailto:1701.86@mail.ru)  
<https://orcid.org/0000-0002-4617-5696>

**Сайымова М. Д.**

PhD, ассоциированный профессор  
Актюбинский региональный университет  
им. К. Жубанова  
Актобе, Казахстан  
e-mail: [77mika-07@mail.ru](mailto:77mika-07@mail.ru)  
<https://orcid.org/0000-0003-4089-1744>

**Аннотация.** Целью данного исследования является комплексный анализ факторов, влияющих на развитие предпринимательского мышления среди молодежи Казахстана, с особым акцентом на выявление ограничений, вызванных наводнениями в городе Кульсары Атырауской области. В работе рассматривается влияние природных катастроф, в частности наводнений, на предпринимательские инициативы молодежи, а также изучаются пути минимизации их негативных последствий и способы экономического восстановления.

Предпринимательское мышление рассматривается как важный фактор, повышающий конкурентоспособность молодежи на рынке труда, поскольку оно способствует развитию креативности, навыков управления рисками и решения проблем. В рамках исследования проведен анализ внешних и внутренних факторов предпринимательства и обосновано их влияние на предпринимательские действия и способы мышления. Кроме того, определены этапы эволюции предпринимательства и направления его дальнейшего развития.

В качестве методов исследования использовались анкетирование и статистические методы



обработки данных. Данные о последствиях наводнений в городе Кульсары и их влиянии на предпринимательский потенциал молодежи были проанализированы с применением качественных и количественных методов анализа.

В результате исследования выделены ключевые аспекты формирования предпринимательского мышления и выявлены слабые стороны в пропаганде предпринимательства среди молодежи. Также представлен сравнительный анализ опыта других регионов и стран в преодолении последствий природных катастроф. Данное исследование может служить научной основой для совершенствования мер, направленных на повышение предпринимательского потенциала молодежи в Республике Казахстан.

**Ключевые слова:** предпринимательское мышление, молодежь, последствия природных катастроф, факторы, влияющие на предпринимательство, моногород, предпринимательский потенциал.

## ANALYSIS OF FACTORS INFLUENCING THE DEVELOPMENT OF ENTREPRENEURIAL THINKING IN KAZAKHSTAN AND OBSTACLES CAUSED BY NATURAL DISASTERS

**Zhienbayev U. B. \***

PhD student  
Aktobe Regional University  
named after K.Zhubanov  
Aktobe, Kazakhstan.  
e-mail: ulan-adil@mail.ru  
<https://orcid.org/0000-0003-4004-5345>

**Sayimova M. D.**

PhD, associate professor  
Aktobe Regional University  
named after K. Zhubanova  
Aktobe, Kazakhstan  
e-mail: 77mika-07@mail.ru  
<https://orcid.org/0000-0003-4089-1744>

**Baituova L. T.**

PhD  
NAO "S. Seifullin Kazakh Agrotechnical  
Research University"  
(KATRU)  
e-mail: 1701.86@mail.ru  
<https://orcid.org/0000-0002-4617-5696>

**Abstract.** The aim of this study is to conduct a comprehensive analysis of the factors influencing the development of entrepreneurial thinking among young people in Kazakhstan, with a particular focus on identifying the constraints caused by floods in the city of Kulsary, Atyrau region. The study examines the impact of natural disasters, particularly floods, on youth entrepreneurial initiatives and explores ways to minimize their negative effects and promote economic recovery.

Entrepreneurial thinking is considered a key factor that enhances the competitiveness of young people in the labor market, as it fosters creativity, risk management skills, and problem-solving abilities. The study analyzes both external and internal factors of entrepreneurship and substantiates their impact on entrepreneurial actions and ways of thinking. Furthermore, the evolution of entrepreneurship and its developmental directions are identified.

The research methods included surveys and statistical data analysis. Data on the consequences of floods in the city of Kulsary and their impact on the entrepreneurial potential of young people were analyzed using qualitative and quantitative methods.

As a result of the study, key aspects of developing entrepreneurial thinking were highlighted, and weaknesses in promoting entrepreneurship among young people were identified. A comparative analysis of the experiences of other regions and countries in overcoming the consequences of natural disasters is also presented. This study can serve as a scientific basis for improving measures aimed at enhancing the entrepreneurial potential of young people in the Republic of Kazakhstan.

**Keywords:** entrepreneurial thinking, youth, consequences of natural disasters, factors influencing entrepreneurship, single-industry town, entrepreneurial potential.